



Бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 423 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 маусымда № 32918 болып тіркелді

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-1)-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін үйимдастыру департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрықты алғаш ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

A. Ескараев

"КЕЛІСІЛДГ"

Қазақстан Республикасы

Каржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2023 жылғы 27 маусымдағы
№ 423 Бұйрықпен
бекітілген

Бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер.

1. Осы Бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру қағидалары "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастырудың тәртібін айқындайды.

2-тaraу. Бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру.

2. Занды тұлға, филиалдар мен өкілдіктер үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі - БСН) қалыптастыру қызметін Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде (бұдан әрі - Ұлттық тізілім), мемлекеттік органдардың, "Астана" халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі - АХҚО) және өзге де мемлекеттік мекемелердің ақпараттық жүйелерінде бірлескен жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын белгілі бір занды тұлғаға, филиал мен өкілдікке, жеке кәсіпкерге қатысты мәліметтерді сақтау үшін жүзеге асырылады.

3. БСН 12 цифрды қамтиды және бес бөліктен тұрады:

1) бірінші фасет - 4 разрядтан (а 1 - а 4 дейін) тұрады және занды тұлғаны немесе қызметін бірлескен кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлерді (бұдан әрі - ЗТ немесе ЖК (Б) тіркеудің жылынын (соңғы екі саны) және айын сипаттайты);

2) екінші фасет - 1 разрядтан (а 5) тұрады және ЗТ немесе ЖК(Б) түрін сипаттайты.

Осы разрядтың алгоритм есептерінің мәні БСН-нің жеке сәйкестендіру нөмірімен (бұдан әрі - ЖСН) сәйкес келу мүмкіндігін болдырмау үшін пайдаланылады.

БСН құрылымында а 5 (бесінші разрядта) генерациялау кезінде 0, 1, 2 және 3 цифрларын пайдалануға жол берілмейді.

Бұл разрядтың нақты мәндері:

4 - резидент занды тұлғалар үшін;

5 - резидент емес занды тұлғалар үшін;

6 - қызметін бірлескен кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер үшін.

Бұл разрядта 7, 8 және 9 резервтік мәндер бар;

3) үшінші фасет - 1 разрядтан (а 6) тұрады және а 5 разрядын қосымша тәптіштеу болып табылатын арнайы белгіні сипаттайты:

0 - ЗТ немесе ЖК(Б) бас бөлімшесінің белгісі;

1 - ЗТ немесе ЖК(Б) филиалының белгісі;

2 - ЗТ немесе ЖК(Б) өкілдігінің белгісі;

4 - қызметін бірлескен кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын шаруа (фермер) қожалығының белгісі;

4) төртінші фасет - 5 разрядтан (а 7 - а 11 дейін) тұрады және жүйеде ЗТ немесе ЖК (Б), сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелерін тіркеудің реттік нөмірін сипаттайты ;

5) бесінші фасет - 1 разрядтан (а 12) тұрады және БСН-нің бақылау разряды болып табылады.